

**Мәслихаттың 2013 жылғы 7 қазандағы № 171 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 14 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 6288 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2021 жылғы 1 қарашадағы № 62 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 01.11.2021 № 62 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 7 қазандағы № 171 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4281 тіркелген, 2013 жылғы 12 қарашада "Наш Қостанай" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Мыналар анықталсын:

1) кемтар балаларды оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды " Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі –алушылар) көрсетіледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мынадай мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады:

мүгедек баланың қайтыс болуы;

мүгедек баланың толық мемлекет қарауына берілуі;

алушының жәрдемақының (жәрдемақылардың) заңсыз тағайындалуына әкеп соқтырған дәйексіз мәліметтер табыс етуі;

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету.

Артық төленген сомалар - ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда сот шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтарылуға жатады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

алушының жеке басын куәландыратын құжат;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы);

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

мүгедектігі туралы анықтама;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат;

мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады."

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

Сессия төрағасы, № 6 сайлау

округі бойынша депутаты

Қостанай қалалық

мәслихатының хатшысы

С. Шуменбаев

Б. Сандыбеков

"Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ С. Умаров

"01" сәуір 2016 жыл

"Қостанай қаласы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік

жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Н. Дорошок  
"01" сәуір 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК